

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

5 (411)

SEPTEMBER – OCTOBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 5. Number 411 (2024), 20–31
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.823>

УДК 17.01.45

***A.A. Azatbakyt¹, A.M. Kartayeva¹, A.T. Tamayev², 2024.**

¹East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Kazakhstan;

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: aigani.86@mail.ru

ANALYZING AND TEACHING THE PSYCHOLOGY OF CHARACTERS IN THE STORIES OF M. AUEZOV

A.A. Azatbakyt – doctoral student of the Department of Kazakh, Russian Philology and journalism, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan, E-mail: aigani.86@mail.ru., ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8894-2817>;

A.M. Kartayeva – doctor of philological sciences, professor East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Kazakhstan, E-mail: kartaeva2011@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1715-6186>;

A.T. Tamayev – candidate of pedagogical sciences, Associate Professor of the Kazakh Language and Literature named after S. Kirabayev, KazNPU named after Abai, Senior Lecturer, Almaty, Kazakhstan, E-mail: alpisbai@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-0681-4780>.

Abstract. The main purpose and direction of the scientific article is considered the methods of studying and teaching psychologism in the stories of one of the greatest writers of our time, Mukhtar Auezov, who had his own place in Kazakh literature. Saying the relevance of the problems of studying the stories of M. Auezov in Kazakh literary studies, the author notes several scientists studying the stories of writers. On the basis of scientific work, the psychology of the character in the stories of M. Auezov is considered as a scientific form. In addition, the article analyzes the works, conclusions, views of scientists who studied the stories of the writer. Naming the period of study of the writer's stories, the author refers to the conclusions of scientists who, as a result of the scientific and practical significance of the work, classified the problems of psychologism in the stories of M. Auezov, the image of the hero, psychologism in the work of art. Considering the conclusions of these scientists, the analysis of the writer's stories proves the relevance and significance. In the process of comparing and classifying conclusions, the author clearly expresses his own opinion. In addition, the article analyzes the character images in the writer's stories such as "In the Shade of the Past", "Who is blamed?", "An innocent girl", and discusses and differentiates the reproductive and research methods of teaching at a higher educational institution.

Keywords: author, psychologism, teaching methods, character psychology, writer, story.

*А.А. Азатбақыт, А.М. Картаева¹, А.Т. Тамаев², 2024.

¹Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстант университеті,
Өскемен, Қазақстан;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: aigani.86@mail.ru

М. ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕР ПСИХОЛОГИЯСЫН ТАЛДАП ОҚЫТУ

А.А. Азатбақыт – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Қазақ, орыс филологиясы және журналистикасы кафедрасының докторанты, Өскемен, Қазақстан, e-mail: aigani.86@mail.ru, ORCID идентификаторы: <https://orcid.org/0000-0001-8894-2817>;

А.М. Картаева – филология ғылымдарының докторы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессоры, Өскемен, Қазақстан, e-mail: kartaeva2011@mail.ru, ORCID идентификаторы: <https://orcid.org/0000-0003-1715-6186>;

А.Т. Тамаев – педагогика ғылымдарының кандидаты, С. Кирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ, аға оқытушы, Алматы, Қазақстан, e-mail: alpibai@mail.ru, ORCID идентификаторы: <https://orcid.org/0000-0002-0681-4780>.

Аннотация. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты мен бағыты ретінде қазақ әдебиетінде өзіндік орны, қолтаңбасы бар, заманымыздың ұлы жазушыларының бірі Мұхар Әуезовтің әңгімелеріндегі психологизмді зерттеу мен оны оқытудың әдістері қарастырылады. М. Әуезов әңгімелерінің зерделену мәселелерінің қазақ әдебиеттануындағы өзектілігін айта отырып, автор бірнеше қаламгер әңгімелерін зерттеуші ғалымдарды атап өтеді. Ғылыми еңбек негізінде М.Әуезовтің әңгімелеріндегі кейіпкер психологиясы ғылыми нысаны ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада қаламгердің әңгімелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне, тұжырымдарына, көзқарастарына талдау жасалады. Автор жазушы әңгімелерінің зерттелу кезеңін атай отырып, жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының нәтижесінде М. Әуезовтің әңгімелеріндегі психологизм, кейіпкер бейнесі, көркем шығармадағы психологизм мәселелерін жіктеген ғалымдардың тұжырымдарына сілтеме жасайды. Аталған ғалымдардың тұжырымдарын қарастыра келе, қаламгер әңгімелерінің талдау өзектілігін және маңыздылығын дәлелдейді. Тұжырымдарды салыстыру, жіктеу барысындағы автор өзіндік пікірін анық білдіреді. Сонымен қатар, мақалада қаламгердің «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кінәлі?», «Кінәмшіл бойжеткен» сияқты әңгімелеріндегі кейіпкер образдары талданып, жоғары оқу орнында оқытудың репродуктивті, ізденіс әдістері талқыланып, сараланады.

Түйін сөздер: автор, психологизм, оқыту әдістері, кейіпкер психологиясы, жазушы, әңгіме.

*А.А. Азатбақыт¹, А.М. Картаева¹, А.Т. Тамаев², 2024.

¹Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан;

³Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан.

E-mail: aigani.86@mail.ru

АНАЛИЗ И ОБУЧЕНИЕ ПСИХОЛОГИИ ПЕРСОНАЖЕЙ РАССКАЗОВ М. АУЭЗОВА

А.А. Азатбақыт – докторант кафедры казахской, русской филологии и журналистики Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан, E-mail: aigani.86@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8894-2817>;

А.М. Картаева – доктор филологических наук, профессор Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан, E-mail: kartaeva2011@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1715-6186>;

А.Т. Тамаев – кандидат педагогических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы имени С. Кирабаева, КазНПУ имени Абая, старший преподаватель, Алматы, Казахстан, E-mail: alpishbai@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-0681-4780>.

Аннотация. Основной целью научной статьи является изучение методов анализа и преподавания психологизма в рассказах одного из величайших писателей современности — Мухтара Ауэзова, который занимает особое место в казахской литературе. Автор подчеркивает актуальность исследования рассказов М. Ауэзова в казахском литературоведении и отмечает вклад ученых, которые занимались анализом его произведений. Научный труд посвящен рассмотрению психологии персонажей в рассказах М. Ауэзова как важной научной категории. В статье проводится анализ работ, выводов и взглядов исследователей, изучавших психологизм в произведениях писателя.

Автор ссылается на исследования ученых, которые классифицировали проблемы психологизма, образа героя и его места в художественном произведении. Рассмотрение выводов этих ученых подтверждает актуальность и значимость произведений Ауэзова. В процессе сравнительного анализа и классификации мнений автор четко выражает свою позицию. Кроме того, в статье рассматриваются образы персонажей в таких рассказах, как «В тени старости», «Кто виноват?» и «Провинившаяся девушка», а также обсуждаются репродуктивные и исследовательские методы обучения в высшей школе.

Ключевые слова: автор, психологизм, методы обучения, психология характера, писатель, рассказ

Кіріспе. Ұлттық прозада тұңғыш рет өзіндік даралық стиль қалыптастырып, психологиялық прозаның күрделенген, өсіп өркендеген классикалық үлгісін жасаған суреткер – М. Әуезов. М. Әуезов өзінің 20-30 жылдары жазған әңгімелерінде психологизмді дамытты. Оның алғашқы туындыларының өзі ұлттық әдебиетте шындықты тану мен көркемдік бейнелеудегі өзгеше

беталысты белгіледі. М.Әуезовтің алғашқы кезде жазылған әңгімелерінен бастап қазіргі қазақ прозасы психологизмді жеке мәселе етіп қарауға, зерттеуге мүмкіндік беріп отыр

«Адам жанының бейнесі, психологизм, әрине, жанр шеңберімен шектелмейді; психологиялық роман, психологизм кең мағынада көптеген шығармаларда кездеседі. Печориннің образын сомдаған М. Ю. Лермонтов психологизмнің ең жақсы үлгісі болып табылады. Қазақ әдебиетінде, «Абай жолы» эпопеясы тарихи роман, «Қан мен тер» әлеуметтік роман, М. Әуезов пен Ә.Нұрпейісов кейіпкер психологиясын, олардың әр алуан көңіл күйлерін нанымды, әсерлі бейнелейтініне сүйсінбей қала алмаймыз», - деп «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» анықтама беріледі (Ысмақова, 1998).

Көркем проза адам психологиясының ішкі болмысын, ойлаудың күрделі және терең жүйесін, сана мен сезімдегі тірі қозғалыстарды ашу арқылы идеялық-эстетикалық ізденістердің жана жолдарын анықтады. Жазушы-ғалым Т.Жұртбай: «Ұлы қаламгердің қилы кезеңі» атты еңбегінде М. Әуезовтің мына пікірін ұсынады: «... Орыс жазушыларында анық сүйетінім: Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы», - дейді (Жұртбаев, 1991). Көркем шығарманың табиғатын түсіну үшін оған терең психологизм қажет. Жазушының көрсеткелі отырған идеясының, суреттеп отырған оқиғасының, кейіпкер бейнесін сомдауының түп негізі психологизммен өріле беріліп, оқырманға әсер ете білуі қажет. Ал оны оқып отырған оқырманның жіті психологиялық қабылдауы, әсіресе, биік талғамы болуы керек.

Адам мәселесі тұрған жерде оның ішкі рухани дүниесі, сезім сырлары айтылмауы мүмкін емес. Халқымыздың бай ауыз әдебиетінен бастап, төл әдебиетімізбен жалғасып, күні бүгінге дейінгі әдебиетте бұл мәселе негізгі орын алып келгені белгілі. Қазақ әдебиетіндегі психологизмнің бастау алар бұлағы ауыз әдебиетінен сусындап, классикалық үлгісі Абайдан басталатынын тұңғыш рет академик Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» деген еңбегінде (Жұмалиев, 1960) ғылыми талдау жасап, төл әдебиетіміздегі психологизм мәселесін зерттеуі жұмыстың игі бастамасы болды.

«Дәстүр мен жаңашылдық» атты ғылыми жинақта ғалым М. Атымовтың «Прозадағы психологизм» деген ғылыми мақаласында қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде адамның ішкі жан дүниесін, болмысын көркемдеп суреттеу арқылы бай дәстүрлер қалыптасқанын нақты деректермен дәлелдеп береді. Ғалымның пікірінше, ішкі және сыртқы монологтарды қолданудағы бай дәстүрлер С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат», М. Әуезовтің «Абай жолы» романында аналитикалық психологизмнің тууына алып келді. Кейіпкер психологиясын мұндай терең бейнелеу қазақ прозасында көптеп кездеседі. Алайда, осы уақытқа дейін оларды жалпы негізде зерттеу ғана болып отырғанын айтады (Атымов, 1980)

Қазақ романдарындағы психологизм мәселесін арнайы зерттеген ғалым Б.Майтановтың еңбегінде былай делінген: «Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты – ғылыми, әдеби мәні мол күрделі мәселе. Ол туралы арнайы зерттеу сипатты пікір Н.Г.Чернышевский, Л.Н.Толстой шығармашылығына қатысты нәзік топшылау тұжырымдарынан басталатын тәрізді. Сыншы тұңғыш рет осынау көркемдік-эстетикалық принциптің мазмұны мен ішкі бағдары туралы терең байламдар түйген еді. Біраз уақыт тасада қалған психологизм бағдары қазіргі таңда, қоғамдық ойдың жаңа белесінде қайта көтеріліп, өмірлік-эстетикалық мағына алып, әдеби процесте қайта өрістеп отыр» (Майтанов, 1996)

Психологизм әдебиеттегі барлық жанрға, яғни, эпика, драма, лирикаға бірдей тән құбылыс. Көркемдік психологизм үшін мінез-құлықты қарастыру тәсілінен гөрі кейіпкердің ішкі дүниесін, ой толғанысын көркем түрде суреттей білудің маңызы зор. Осы кейіпкер бейнесін айқын бояу, жарқын детальдармен аша білу жазушы шеберлігіне байланысты. «Сол себепті, біз қазіргі қазақ романындағы психологиялық талдаудың амал-тәсілдерін екі түрлі бағытта қарастырамыз. Оның алғашқысына адамның ішкі жан-қозғалысын бейнелейтін: монологті, диалогті, естелікті, түс көруді, ортақ төл сөзді және т.б. жатқызамыз. Ал адам характерін сырттай бейнелеудің үлгілеріне: кейіпкер психикасын қимыл-әрекет арқылы сипаттауды, яғни, оның кейіп-кескінін, бет, көз құбылысын, дене қозғалысын жатқызамыз», - деп профессор Т.Рахымжанов көркем шығармадағы психологиялық талдаудың амал-тәсілдерін ажыратып береді (Рахымжанов, 1997).

Әр кейіпкерді кесек тұлғаға айналдырып, даралау үшін Әуезовтің қолданатын амал-тәсілдері өте мол. Ол көбінесе кейіпкердің болмыс-бітімін, мінез-құлқын, ішкі әлемін, рухани дүниесін ашуда ішкі сөздердің түрлері: монолог, диалог, портрет берудегі детальдар, психологиялық антитеза, пейзаж, кейіпкердің іс-әрекетімен қимылы, кейіпкер арқылы болашақ сәтсіздікке ұшырауды алдын-ала сезетін түс көру, айқын психологиялық портреттер тағы басқа көркемдік тәсілдерді шеберлікпен қолданады.

Көркем шығармадағы психологизм туралы ғалым М.Майтанов: «Қаһарманның рухани әлемін, ішкі жан дүниесін жеткізудің амал-тәсілдері немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен, психологизм», - деп атап көрсетті (Майтанов, 1996).

Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін жасау тәсілінің бірі – адамның күйініші мен сүйінішіні суреттеу деп алып, белгілі ғалым З. Қабдолов мынадай анықтама береді: «Адамның ішкі тұңғыық тереңін, адам психологиясының көзге ілінбес нәзік қалтарыстарын, адамға тән құштарлықтың жан түсінбес қиын құпиясын жарқ еткізіп ашып, қопара көрсеткен осынау керемет зергерлік образ жасаудың тағы бір тамаша тәсілі – озғын үлгісі. Адамның ішкі тұңғыығының тереңдігін, адам психологиясының көрінбейтін иірімдерін, адамға тән құштарлықтың түсініксіз құпиясын ашатын зергерлік бұйымдардың осы керемет бейнесін жасаудың тағы бір тамаша тәсілі. Адамның сезімін,

күйіну не сүйіну сезімін суреттеу деп осы айтылады. Бұл – өте күрделі тәсіл. Бұндай тәсілді тек талантты тарландар ғана игере алады» (Қабдолов, 1983). Расында да, тарлан талантты жазушы М. Әуезовтің қаламынан туындаған шығармалары қым-қиғаш оқиғаға толы кең құлашты, күрделі психологизмге құрылған туындылар болып саналады.

Қазақ әдебиетіндегі психологизмнің классикалық үлгісі М.Әуезовтен шығармаларында тереңдей түскен. Себебі жазушы әңгімелері жүрек тебіренерлік сан алуан сезімдерге бөлеп, адам баласының ішкі жан дүниесіне үнілтеді. Ол өмір қайшылықтарын бүкпесіз ашқан, жақсылық пен жамандықты, әсемдік пен сұлулықты, адамгершілік пен зұлымдықты салыстыра анықтаған. Адам мінезінің сан алуан қырын аша отырып, ішкі сезім иірімдеріне терең бойлай білген. «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімесінде бас кейіпкер байдың ерке қызы Жәмешке ғашық болып жүрген Қабыштың арманын жазушы былай деп береді: «...Қалай да болса, Жәмеш жарық айлы түнде, оңаша тоғайдың ішінде алғашқы рет Қабышпен көрісетін болса, соның өзі де жас жігіттің бұл күнге шейін басынан атқармаған рақаты болмақ» (Әуезов, 1979).

Сондай-ақ «Кім кінәлі?» әңгімесінде: «Тыстағы жарық ай, тыныштыққа батқан желсіз түн, ұйықтаған ауыл, жым-жырттықпен қалғыған салқын ауа көңлін басып тұрған ауырлықты бір мүйнетте сергіткендей» (Әуезов, 1979). Сүйіскен екі жастың айлы түнде жапырақ жамылып, оңаша кездесіп тұрған кейіптері бір әсем сурет. Бәрі айқын көрінеді: екеуі де біресе «қызарып», біресе «сұрланып», «пішіндері құбылып, белгісіз қысылады». Айналада тылсым тыныштық. Тіпті «ісінген демалысы» мен «жүрегінің лүпіліне» дейін шалынғандай құлағымызда.

М. Әуезовтің өте көркем, тартымды жазылған «Кім кінәлі?» әңгімесінде: «...Ғазизаның да жүрегі елжіреп босай бастады. Асау сезімі есінен тандырып, бір суынып, бір күйінген, жас жігіт айтар сөзі таусылып, Ғазизаның жұмсақ денесін қатты қысып, қайта-қайта сүйе берді. Ғазиза да жабысып құшақтап, досының дуылдаған қызулы бетінен, дірілдеген ыстық ернінен ұзақ-ұзақ сүйді...» (Әуезов, 1979). Махаббаттың тілсіз терең сезімдерге толы сан иірімдері, ауылдан аулақта кездескен екі ғашықтың бір-біріне деген пәктігі, жүрек лүпілі асқан шеберлікпен берілген. Ынтық болып, зорға қосылған қос ғашық өзгеден ұрланып тіл қата алмай біресе қызарып, біресе сұрланады. Жазушы ғашықтық сезімді осындай табиғи күйде, аса іңкәр күйде табысқан тылсым күштің жанды суретін осылайша шебер бейнелейді. жазушы әңгімеде Қабыштың қызбен кездесу алдындағы сәтіне дөп басып, жігіттің психологиялық күйін нанымды бейнелейді.

Осы сияқты мысалды Қабыштың Жәмешпен кездесуге бара жатқан сәтін суреттеген тұсынан да кездестіреміз. «Қабыштың көңіліне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лүпілдеп, буынынан сұлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көне бергендей» (Әуезов, 1979). Махаббат сезімінің терең психологиялық иірімдерін жазушы образды бейнелейді.

Жазушы әңгімелеріндегі осы үзінділерд махаббат сезімінің терең

психологиялық иірімдерін білдіретін Абайдың «Қызарып, сұрланып» өлеңін еске түсіреді. Мәселен:

«Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі
Өзгеден ұрланып
Өзді-өзі керегі» (Абай, 1961).

Абай ғашықтық сезімді, махаббат мұңын аса бір шабытпен, беріле құлаған ынтық сезіммен жырлайды. Ынтық болып, зорға қосылған қос ғашық өзгеден ұрланып тіл қата алмай біресе қызарып, біресе сұрланады. Ақын ғашықтық сезімді осындай табиғи күйде, аса іңкәр күйде табысқан тылсым күштің жанды суретін осылайша шебер жырға қосады. Осы өлеңдегі сезім иірімдерін білдіретін сөздерді жазушы әңгімеде Қабыштың қызбен кездесу алдындағы сәтіне дөп басып, жігіттің психологиялық күйін нанымды бейнелейді.

Материалдар мен негізгі әдістер. Әдіс – әдебиет сабақтарындағы мұғалім мен студенттің бірігіп атқаратын оқу-танымдық іс-әрекеті. Сабақ тақырыбына лайық дұрыс тандалған әдіс арқылы студент жаңа білім мазмұнын игереді, жаңа білік-дағдыларға ие болады, қабілеті жетілдіріліп, белгілі бір дүниетанымдық көзқарасы қалыптасады. (Қалкөз, et al, 2021).

Репродуктивтік әдістер – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін студенттерге сапалы оқытудың тиімді әдістерінің бірі болды. Негізінде, әдебиет лекцияларында репродуктивтік әдіс үлкен орын алады. Өйткені дайын көркем шығарма мәтінін оқу, түрлі талдаулар жасап, тапсырмалар орындау жұмыстары репродуктивтік әдіс арқылы жүзеге асырылады. Прозалық шығарманың, поэзиялық туындының, драмалық шығарманың эпизодтарын немесе белгілі бір кейіпкердің сөзін талдата отырып, оқытушы көркем талдау жүйесін меңгертеді. Сол арқылы студентті өз бетімен талдауға дағдыландыра алады. Репродуктивтік әдістің тиімді болып табылатын құраушы элементтер: баяндау, әңгімелеу, мазмұндау, шолу дәрістері, көркем шығарма мәтіні, әдеби шығарманың түпнұсқасы, сұрақтар тізбесі, викториналар т.б. Репродуктивтік әдісті қолдану мақсатында жазушының алғашқы повестерінің бірі - «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесін талдауға болады. Бұл М. Әуезовтің психологиялық проза саласындағы асқан шеберлігін айқындайтын көркем туындыларының бірі. Сонымен қатар бұл ел аузында көп айтылмайтын шығарма болғандықтан, студенттер өз беттерімен ізденіп, қаламгердің аса танымал емес шығармаларын оқып, талдап келеді. (Қалкөз, et al, 2021). Қаламгердің алғашқы әңгімелерінің ішінде оқиғасы өзгешелеу оқшау тұрған әңгімесі осы еді. Өйткені әңгіменің сюжеті бұған дейін қазақ жерінде болмаған және айтылмаған соны тақырыпқа арналған. Кейіпкерлердің тағдыры да күрделі психологиялық шиеленіске негізделген. Әңгімеде губерниялық қаладағы қазақтың оқыған жастарының өмірлері бейнеленген. Шығарманың негізгі қаһарманы – гимназияда оқып жүріп, оны бітірмей тастап кеткен қазақтың Ғайша есімді қызы. Басында ол халықтың ықылысына ілініп, сый құрметіне бөленеді. Қаладағы қоғамдық істерге белсене қатысады, мұнысы бірақ ұзаққа бармайды. Өзінің сұлулығы

мен ақылына, «оқығанына» мастанған жас қыз өзіне өзі сеніп, оқуын бітірмей тастайды, қоғамдың істерден де қол үзеді, бірыңғай ойын-сауықпен кетеді, сән-салтанат қуады. Бұл оның бара-бара әдетіне айналып, сауықшыл болып алады, жеңіл мінезін тоқтата алмайтын болады. Уақыт өткен сайын Ғайша көркінен де, бет беделінен айырылып, төмендей береді. Енді Ғайша үшін күйеуге шығу, тұрмыс құру деген үлкен қасіретке ұласады. Жазушы әңгімеде бұл жайтты былай жеткізеді: «Бұл уақытта күйеусіз тіршіліктің күні қараң екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды. Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Ғайшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы, бар қайғысы сол еді» (Әуезов, 1979)

Нәтижелері.

Әңгімеде Семей қаласындағы болған оқиғаның шындық көріністері бейнеленіп, автордың өзі араласып, куәсі болған оқиғалар желісі суреттелген. Жазушы мұндай тебіреністі шақтардың сезім шарпуын өз жүрегі арқылы сыннан өткізеді.

«...Әңгімесінің бұрынғы атын («Қазақ қызы») өзгертіп алуы жазушының өз кейіпкеріне деген қатынасы мен авторлық позициясындағы жаңа нышанды байқатады. Өйткені, Ғайша сол кездегі қазақ қыздары үшін типтік, жинақтық бейне бола алмақ емес. Ал «Кінәмшіл бойжеткен» деген атауда нәзік астармен берілген юмор, тіпті ажуа да бар» (Әуезов, 1979).

